

Мамытканов Д.К.
**Ақпараттық мәдениет
тұлғаның әлеуметтенуінің
көрсеткіші ретінде**

Бүгінгі күні болып жатқан өзгерістер ағымында өмірлік жағдайларға әрбір адамның, қоғамның және мемлекеттің алдында бейімделу міндеттері тұр. Бұл жағдайларға адам белгілі бір білімдерді, қабілеттіліктер мен ақпараттармен алмасу үшін дағдыларды меңгеріп, бұл білімдерді қазіргі ақпараттық технологияларға сәйкес жетілдіруге мүмкіндік беретін сапаларды және қазіргі ақпараттық қоғамның қызметі, мақсаты мен мәні туралы кең көзқарасты бойына қалыптастыру қажет.

Ақпараттық қоғамның пайда болуы мен қалыптасып дамуы және әлеуметтік қатынастардың жандануы жеке тұлғаның әлеуметтенуіне жаңа өзекті мақсаттар қойды, сонымен қатар креативтілік, шығармашылық қабілеттілік, талдамалық жүйелі ойлау, жоғары күйзелісті жағдайға шыдамдылық, әлеуметтік мінездегі төзімділік және бейімделушілік қасиеттер маңыздылығы артып отыр. Бұл мақалада ақпараттық мәдениет ұғымы қарастырылып талданады, ақпараттық қоғамның қалыптасу жағдайына жаңа сараптама жасалады, ақпараттық мәдениеттің қалыптасуындағы мүмкіндіктер ұсынылады.

Бүгінгі күні жалпы адамзат мәдениетінің бір элементі ретінде жаңа ақпараттық мәдениеттің қалыптасуы туралы айтуға негіз бар. Оның негізі ретінде ақпараттық орта, оның қызмет ету заңдары, ақпараттық ағымда бағыт-бағдар алу, қабілеттілік туралы білімдер болу қажет.

Түйін сөздер: ақпараттық технология, жеке тұлға, жүйелі ойлау, шығармашылық қабілеттілік, жаһандану, ақпараттық мәдениет.

Мамытканов D.K.
**Information culture as an
indicator of socialization**

Today, in front of all - to each person, society and the state faces challenges in their adaptation to life circumstances in the flow of change. In these circumstances, a person must acquire certain knowledge and skills successfully operating information, have qualities that allow it to improve the knowledge in accordance with modern information technology have a broad outlook on the functions, objectives and significance of the existence of the information society in the modern world.

The appearance and the further development of the information society and the globalization of social relations set new goals for the current socialization of the individual, and so in the first place, are put forward creative, creativity, availability of analytical, systems thinking, high level of stress, adaptive capacity and tolerant social behavior. Information Culture as part of the general culture, as the socio-cultural basis of life and activity of the individual in modern society, is the key to ensuring social security for present and future generations. It defines fundamental principles of lawful behavior of persons in a society undergoing rapid and frequent change, as well as a great instability. In addition, its functions can be expressed in the formation of the foundations of personal and social security, the development of a flexible, sustainable, critical thinking. One of the key factors of successful socialization of the person in favor of the existence of the information culture. The high level of information culture promotes socialization and is a prerequisite for its development in today's transformed society.

The article reviewed and analyzed at the same time the concept of the term «information culture», it is given a new interpretation arising in the emerging information society, provides an overview of the conditions of its formation. Today there is every reason to talk about the formation of a new information culture, as part of the general culture of mankind. It should be based on knowledge of the information environment and the laws of its functioning, the ability to navigate the information flows.

Key words: information, culture, socialization.

Мамытканов Д.К.
**Информационная культура
как показатель социализации
личности**

На сегодняшний день перед каждым человеком, обществом и государством стоят задачи по их приспособлению к жизненным обстоятельствам в потоке происходящих изменений. В этих условиях человек должен приобрести определенные знания, умения и навыки успешного оперирования информацией, обладать качествами, позволяющими ему совершенствовать эти знания в соответствии современным информационным технологиям, иметь широкое мировоззрение о функциях, целях и значении существования информационного общества в современном мире.

Одним из основных факторов успешной социализации личности выступает существование этой информационной культуры. Высокий уровень информационной культуры способствует социализации личности и является необходимым условием ее развития в сегодняшнем трансформирующемся обществе. В статье рассматривается и одновременно анализируется понятие термина «информационная культура», дается его новая интерпретация, возникающая в условиях формирующегося информационного общества, предлагается обзор условий его формирования.

Сегодня есть все основания говорить о формировании новой информационной культуры как элемента общей культуры человечества. Ее основой должны стать знания об информационной среде, законах ее функционирования, умение ориентироваться в информационных потоках.

Ключевые слова: информационные технологии, личность, социализация личности, аналитическое системное мышления, креативные творческие способности, глобализация, информационная культура.

**АҚПАРАТТЫҚ
МӘДЕНИЕТ
ТҰЛҒАНЫҢ
ӘЛЕУМЕТТЕНУІНІҢ
КӨРСЕТКІШІ РЕТІНДЕ**

Қазіргі уақытта ақпарат адамзаттың негізгі ресурсына, басты құндылыққа айналып отыр. Қоғамдық салада ақпараттың рөлінің өсуі және ақпараттық қатынастардың алдыңғы қатарға шығуы ақпараттық қоғам дәуіріне енудің көрсеткіші болып табылады. Адамзат ерте кезеңнен-ақ ақпараттың өз өмірінде маңыздылығын түсінген. Ақпарат заңдылықтарының, қызмет етуін оның мәнін ашуға көңіл аударды. Қоршаған шынайылық жөнінде ақпаратқа деген қажеттілік әлеуметтік даму үрдісінде қалыптасады. Алғашында ақпаратқа қажеттілік қауіпсіздікті қамтамасыз етумен және сыртқы ортаны бақылау жағдайы жөнінде ақпараттарды алумен байланысты болған. Ақпаратқа деген қажеттіліктің қалыптасуы бірлесіп еңбек ету барысында жүзеге асқан, алғашқы қауымдық еңбек адамдардың қарым-қатынасын қажет етті. Тұрақты қарым-қатынас адамдардың бір-бірімен ақпарат алмасып, ортақ мақсат іс-әрекеттерді келісіп, өзара түсінісуге мүмкіндік берді. Кез-келген ашық дамушы жүйе сияқты адам өмірі ақпаратпен тығыз байланысты. Ақпаратқа деген қажеттілік адам өмірінде маңызды. Ақпараттық қоғамға өту процесі адамзат қоғамының ерте кезеңінен басталған, бірақ қарқынды даму ХХ ғасырдың екінші жартысында басталды. Ақпараттық процестер мен ақпараттық технологиялар қазіргі заманғы ақпараттық қоғамның дамуының негізгі көрсеткіші. Өндірістің ұдайы өсуі мен ғылыми-техникалық прогресс, экстенсивті даму орнына интенсивті дамудың орын алуы, табиғатқа, білімге және ақпаратқа жаңа қатынастың қалыптасуы біртіндеп ақпараттық қоғамның тууына әкелді. Қазіргі технологиялардың қарқынды дамуы мәдениетке әсерін тигізіп, қоғамның өзгеруіне ықпал етеді. Жалпы мәдениеттің бір элементі ретінде ақпараттық мәдениеттің қалыптасуы үшін ақпараттық орта мен ақпараттық қауіпсіздік маңызды. Ақпараттық ағымда тұлғаның бойында ақпараттық ортаның қызмет ету заңдылықтары туралы білім, қабілеттілік, құндылықтардың қалыптасуы өмірде дұрыс бағыт-бағдар ұстануға, маңызды шешімдер қабылдауға мүмкіндіктер береді.

Қоғам өмірінде ақпараттың маңыздылығы күрт жоғарылады: көп каналды теледидар, интернет, радиостанциялар, кино, жарнамалар мен афишалар қоршаған ортаның маңызды элементіне айналды. Біз ақпараттық ортамен тығыз байланыс-

ты өзіміз және басқалар жөнінде хабарламалар алу мен алмасу үрдісіне, ақпараттарға толы медиа кеңістікте өмір сүрудеміз. Ақпарат адамның рухани және материалдық өмірімен тығыз байланысты. Бұл – ақпараттың адамның әлеуметтік-мәдени өмірін және материалдық тұрмысын айқындайтынын білдіреді. Ақпараттық мәдениет нақты мәселелерге байланысты адамдардың білімін, қабілеттілігін және ұстанымдарын дамытады. Ақпараттық мәдениет қоғамдық өмірге ене отырып, әлеуметтік-экономикалық, саяси және рухани салада, адамның өмір сүру салтына жаңа қарым-қатынастарды, әлеуметтік мінез-құлық үлгілерін қалыптастырып, мәселенің теориялық және практикалық өзектілігі болып отырғанына байланысты. Сондықтан қазіргі уақытта ақпараттық мәдениетті әлеуметтік құбылыс ретінде және ақпараттық қоғамда тұлғаның ақпараттық мәдениетінің қалыптасуына әсер ететін факторларды социологиялық тұрғыда зерттеу өзекті.

Ақпараттық мәдениет нақты өмірді ұғынудағы белгісіздікті азайтуға бағытталған және адамзаттың рухани даму сабақтастығының сақталуына мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта дағдарыстық ситуацияларды, әлеуметтік мәселелер мен қарама-қайшылықтарды, артта қалуды болжап білу мен айқындауға қабілетті және ақпараттық қоғам заңдылықтары мен қағидаларына сүйене отырып, оларды шешу үшін қоғамның өзін-өзі ретке келтірудің жетілген механизмін құру қажет. Сонымен, ақпараттық мәдениет – саяси, идеологиялық, ақпараттық, қоғамдық жүйелердің өзін-өзі ретке келтіруді және өзін-өзі басқаруды қамтамасыз ететін әлеуметтік дамуға әкеледі.

Ақпараттық мәдениет әлемдік байланыс жүйесінде адамның өзін-өзі түсінуге, қоршаған ортада өзінің орны мен қызметін табуға көмектеседі. Ақпараттық мәдениеттің дамуы халықтардың қарым-қатынасы дамыған ақпараттық технологиялар негізінде материалдық және рухани өндірістің әмбебаптануына және жалпы қауіпсіздіктің қалыптасуына жағдай жасайды.

Қазір ақпараттық мәдениеттің мақсаты мен мәнін ұғынып, адамзат тереңдетілген құндылық ұстанымдарын өзгерте отырып, мәдениет пен ақпарат үйлесімділігін табу арқылы жүзеге асырады.

Жеке адам ақпараттық үрдістерде белсенді түрде ақпаратты өндірудің тұтыну мен тасымалдаудың субъектісі болады. Ақпарат дамуының ресурсы ретінде әрбір жеке адамның рухани

дүниесін қалыптастырады. Ақпараттандыру үрдісі жеке адамның интеллектуалдық деңгейі мен шығармашылық белсенділігін арттырып, өмірлік бағыт-бағдарын қалыптастырады. Ақпараттың қажеттілігі оның дамуында маңызды рөл атқарады.

Адам өмірінің жетістігі жаңа ақпараттармен тиімді пайдалана алу дер кезінде табу, қабылдаумен байланысты болады. Сондықтан да ақпараттық мәдениет ақпараттық қоғамда тұлғаның әлеуметтік қорғалуын күнделікті өмірде кәсіби әлеуметтенуін қамтамасыз етеді.

Ақпараттық мәдениет адамның жалпы мәдениетінің құрамдасы бөлігі болып табылады. Мол ақпарат ағымында қажетті ақпаратты табу, сақтау, жоғалтып алу мүмкін болатын кейбір қиындықтар туындауы мүмкін. Қазір әлемде бұл мәселені шешу адамдарды ақпараттық ортаға және кәсіби іс-әрекеттерге даярлық теріс ақпараттық ықпалдан өз бетінше қорғануына үйрету қажеттілігі, ақпаратты алу және өңдеу ақпараттық ағымда бағыт-бағдар алу қазіргі уақытта ақпараттық сауаттылықты талап етеді.

Ақпараттық мәдениет жалпы мәдениеттің негізгі бөлігі ретінде адамның даму деңгейін қоғамда әлеуметтенуін қамтамасыз етеді. Ақпараттық мәдениет қоғамның белгілі-бір бөлігінің, тұлғаның даму ерекшелігін айқындайды.

Қазіргі заманғы қоғамда ақпараттық мәдениеттің қалыптасуы қоғамдағы әлеуметтік үрдістердің дамуымен байланысты. Тұлғаның ақпараттық мәдениеті кәсіби және кәсіби емес жетістіктерінің негізгі көрсеткіші болып табылады. Ақпарат түсінігінің астарында жинақталған, сақталған, өңделген мәліметтер жатыр. Бұл мәліметтер тікелей қолдануға және таратуға арналған. Ақпарат біздің өміріміздің барлық саласын қамтиды, ол сөйлеу мазмұнында, кітаптарда, журналдарда, теледидар мен радио хабарламаларында, бейне таспаларында кез-келген айналамызды қоршаған заттарға тән ерекшеліктерде кездеседі. Ақпараттарды адам сезу мүшелерімен қабылдайды да, кейіннен ақпараттар мида және орталық жүйке жүйесінде өңделіп сақталынады. Ақпарат негізінде қоршаған ортада болып жатқан жаңалықтармен байланысты тірі жандар арқылы және заттар арқылы беріледі. Қоғамдық салада ақпараттың рөлінің өсуі және ақпараттық қатынастардың алдыңғы қатарға шығуы, ақпараттық қоғам дәуіріне енудің көрсеткіші. Қазіргі уақытта және болашақта жастардың бойында ақпараттық мәдениетті қалыптастыру қоғамның алдында тұрған ең басты міндет.

Қоғамның ақпараттық құрылымы адамның шығармашылығының дамуы үшін көптеген білімдер мен құндылықтардың қалыптасуына жол ашты. Бірақ бұл мүмкіндіктерді ақпараттық қабілеттіліктер мен біліктілігі бар адамдар ғана пайдалана алады. Сонымен адамның тіршілік ету ортасының өзгеруі ақпараттық мәдениеттің даму үрдісінің бір бөлігі болып табылатын ақпараттық сауаттылықтың маңызы бар. Қазіргі уақытта және болашақта – жастардың бойында ақпараттық мәдениетті қалыптастыру қоғамның алдында тұрған ең басты міндет. Ақпараттық мәдениеті қалыптасқан адам – қажетті ақпаратты тауып алуға, бағалауға және тиімді қолдануға қабілетті, ақпарат сақталатын дәстүрлі және автоматтандырылған техникалық құралдарды дұрыс пайдалана білуі маңызды.

Ақпараттық мәдениет адамның кез-келген ақпараттық дерек көздерін – сөздіктерді, энциклопедияларды, БАҚ-тағы ақпараттардан хабардар болып, өзін-өзі дамытуынан, ақпараттық қажеттілігін толықтыра отырып, қоғамда белсенді қарым-қатынасынан көрініс табады. Ақпараттық мәдениет – бұл қарым-қатынаста әңгімелесе білу, теледидар хабарын талғамды түрде қарау немесе қарамау, алынған мәліметті ой елегінен өткізіп, талдап бағалай білу және де өзгелердің еркіндігіне әсер ететін жағдайда өз еркіндігінді шектей білу.

Адам мәдениетті тудырушы, жасаушы. Тұлғаның ақпараттық мәдениетінің өзіндік ерекшелігі осында жатыр. Тұлғаға ақпараттық мәдениетті иелену еңбек етуді талап етеді, ал екінші жағынан, адамға өркениетте ақпараттық ресурстарды қолдануға мол мүмкіндіктер ашады. Сондықтан адамның ақпараттық мәдениеті оның ақпараттық мінез-құлқынан, ақпараттық өмір салтынан, нақты ақпараттық әрекетінен байқалады. Ақпараттық мәдениеттің компоненттерін бөліп қарастыруға болады:

– мәдени ақпарат әлемінде өмір сүру үшін қажетті білімдер, қабілеттіліктер, дағдылар жиынтығы;

– ақпараттық қоғамда адамның тіршілік ету тәсілі;

– ақпараттық мәдениеттің барлық түрлерімен әрекет ету әдістемесі;

– ақпараттық қоғам әдістемесі мен дүниетанымы.

Тұлғаның ақпараттық мәдениетінің мәнін түсіну, ең алдымен, адам мәдениетінің бір көрінісі ретінде ұғынуды білдіреді. Адам мәдениетті тудырушы, жасаушы және сонымен бірге оны пайдалануда ақпараттық мәдениеттің

өзіндік ерекшелігі жатыр. Тұлғаға ақпараттық мәдениетті иелену жігерлікті талап етеді, ал екінші жағынан адамға өркениетте ақпараттық ресурстарды қолдануға мол мүмкіндіктер ашады. Сондықтан адамның ақпараттық мәдениеті, оның ақпараттық мінез-құлқы, ақпараттық өмір-салты, нақты ақпараттық әрекетінен байқалады. Жалпы ақпаратты тұтыну мен өңдеу үрдісі тұлға даму үрдісінің мазмұндық негізін құрайды

Ақпараттық мінез-құлық адамның ақпаратпен жұмыс жасау, өзінің ақпараттық өрісін және өз жүріс-тұрысын ретке келтіру мен талдауға қажетті қабілеттіліктері мен дағдыларын бейнелейді. Ақпараттық мәдениет тұлғаның қоршаған мәдени ортамен тиімді және қолайлы қарым-қатынас орнатуына мүмкіндік береді. Ақпараттық мәдениет ақпараттардың үздіксіз ағымымен әрдайым өзгермелі деңгейде болады.

Өркениеттің әрбір даму кезеңі қоғамда ақпараттың таралу деңгейін және жылдамдығын, жинақтау, сақтау, тасымалдау және іздеу түрлерін айқындайтын ақпараттың тасымалдаушы түрін белгілейді. Ақпараттық мәдениетті қоғамның мәдениетінің қалыптасуына әсер етуші және қоғамның ақпараттандыру үрдісін сезінуге қабілетті тұлғаның қасиеттері ретінде қарастырылады.

Ақпараттық процестер мен ақпараттық технологиялар қазіргі заманғы ақпараттық қоғамның дамуының негізгі көрсеткіші. Ақпараттандыру – бұл қоғамның бүкіл мүшелеріне кез-келген әлеуметтік маңызы бар ақпаратты алуға мүмкіндік беретін саяси, әлеуметтік-экономикалық, технологиялық факторлардың өзара байланысқан жиынтығы нәтижесінде жүзеге асады.

Ақпараттандыру үрдісінде мәдениетке әсер ететін техника мен технологиялар кеңінен ендіріледі, ал мәдениет пен ақпараттың өзара байланысын айқындайтын ақпараттық мәдениет.

Тұлғаның ақпараттық мәдениеті мәдени ортаны танып білуде және өзгерту үрдісі жүзеге асатын ақпараттық әрекеттен көрінеді. Нәтижесінде адам әрекет субъектісі ретінде, ал игерілетін үрдістер, құбылыстар әрекет объектілері ретінде бөлінеді.

Қазіргі күні ақпараттық-коммуникациялық технологиялар ХХІ ғасыр қоғамының дамуына әсер етіп отырған ең маңызды салалардың бірі. Олардың әсері тек адам өміріне ғана емес, сонымен қатар адамзат қоғамының тұрақты және белсенді түрдегі дамуында да әсері орасан зор.

Қоғамның әр түрлі даму бағыттарында түбегейлі өзгерістер ақпаратпен және ақпараттық

қызметпен тығыз байланысты. Ақпараттандыру үрдісі елдерде экономикалық, технологиялық, саяси және мәдени дамуға мүмкіндіктер ашады.

Ақпараттандыру – білім беруге, мәдениетке, әлеуметтік салаға әсер ететін әлеуметтік мәдени үрдіс. Ақпараттандыру үрдісі адамның өмір сүру ортасын едәуір өзгертті.

XX ғасырда қоғам өмірінде ақпараттандыру үрдісінің негізгі бағыттары:

– микропроцессорлар мен электрондық есептеу машиналарының өндірісте, транспортта, тұрмыста және т.б. қоғамдық өмірде кеңінен қолдану;

– интеллектуалдық жұмыстардың сапасының артуы мен орындалу мерзімін қысқарту мақсатта автоматтандырылуы (ақпараттарды автоматты түрде іздеу, аудару және техникалық құралдар арқылы автоматты түрде басқару, жобалау, ғылыми зерттеулерде және т.б. салаларда жұмыстар жүргізу);

– ақпараттың таратылуы мен тасымалдану тиімділігін арттырып, қағаз үнемдеуді қамтамасыз ету мақсатта көптеген қағаз баспа шығарылымдарын біртіндеп электрондық түрге айналдыру;

– әр түрлі ауқымды тасымалдау жұмыстарын тез және аз шығынмен шешуге мүмкіндік беретін жоғары дамыған электронды коммуникация жүйелерінің құрылуы (электронды пошта, электронбайланыс желісімен сатып алу мен қаржылай есептесу, телеконференциялар және т.б.).

Ақпараттық технологиялардың дамуы және кең қолданылуы экономика, саясат, мәдениет пен ғылым сияқты барлық қоғамға қажетті салаларға ықпал етеді. Жалпы ақпарат адам үшін қоршаған ортадағы бағыт-бағдарларды түсінуге, келесі болатын қимылдарға шешім қабылдау үшін қажет. Негізінен ақпарат, үгіт-насихат алып ағаш ретінде ортақ тамыр арқылы тарайды және дами түседі. Оның негізгі бастауы – бұқаралық коммуникация мен ақпараттық кеңістік болып табылады.

Ақпараттандыру жағдайында ақпараттық қоғамның құндылықтары, ұстанымдары, білімдері, нормалары таралып, адам бойында ақпараттық мәдениет қалыптасады. Бұл адамды ақпараттық қауымдастықтың құрамдас бөлігіне айналдырады. Қазіргі жағдайда ақпарат басты құндылық, сондықтан тұлғаның әлеуметтенуі үшін ақпараттық мәдениеттің рөлі артуда. Ақпараттандыру жағдайында тұлғаны ақпараттық қоғамға мақсатты түрде әлеуметтендіру факторлары арқылы даярлау қажет.

Ақпараттық мәдениеті қалыптасқан, сауатты адам – қажетті ақпаратты тауып алуға, бағалауға

және тиімді қолдануға қабілетті, ақпарат сақталатын дәстүрлі және автоматтандырылған техникалық құралдарды дұрыс пайдалана білуі қажет.

Ақпараттық мәдениетті меңгеру – адамның өзін-өзі тануға және қоғамда өзінің орны мен рөлін түсінуге көмектесетін әмбебаптандыру жолы. Ақпараттық мәдениеттің қалыптасуына ашық қоғам мен білім беру жүйесінің, ақпараттық технологиялардың рөлі маңызды болып саналады. Ол ақпараттық қауымдастықта маңызды ақпаратты айқындауға, ақпараттың құндылығын бағалауға, ақпаратты өңдеу және оны қолдана алу дағдылары мен қабілеттіліктерді меңгеруге жағдайлар жасайды. Ақпараттық мәдениеттілік деңгейі тұлғаның жалпы мәдени құрылымында маңызды орын алады. Ақпараттық мәдениеттілік деңгейі әртүрлі қажетті білімдердің жиынтығы арқылы айқындалған тұлғаның даму деңгейін көрсетеді. Адамның ақпараттық білім деңгейі оның қоғамдық әлеуметтік баспалдақта өз орнын табуға және қабілеттіліктерін жүзеге асыруына мүмкіндік береді. Қазір ғылыми зерттеулерде индивидтің қоршаған ортамен қатынасын және ақпараттық қоғамда адамның алатын орны туралы мәселелерге басты назар аударылған [5, 7-8 бб.].

Адам ақпараттық коммуникация процесінде тек ақпарат алып қана қоймай, алған ақпараттарды пайдалана отырып, өз мүмкіндіктерін арттырып, ақпараттық қажеттілігін қанағаттандырады, ой өрісі дамып, тұлға ретінде қалыптасады. Сондықтан адамның ақпараттық мәдениеті оның ақпараттық мінез-құлқынан, ақпараттық өмір-салтынан, нақты ақпараттық әрекетінен көрініс табады.

Ақпараттық мінез-құлық адамның ақпаратпен жұмыс жасау, өзінің ақпараттық өрісін және өз жүріс-тұрысын ретке келтіру мен талдауға қажетті қабілеттіліктері мен дағдыларын бейнелейді

Ақпараттық мәдениеттің қызметі – ақпаратты өндіру мен меңгеру үрдісін неғұрлым тиімді түрде жасау. Ақпарат пен ақпараттық мәдениеттің мәні және қызметі тұлғаның әлеуметтік және табиғи ортаның өзгеруіне сәйкес бейімділігін арттырады.

Ақпараттық мәдениетті қалыптастыруда келесі қасиеттер маңызды болып саналады:

– жас ұрпақ өкілдерін мерзімді басылымдарды оқуға бейімдеу;

– олардың қоғамдық-саяси және танымдық маңызы зор ақпараттармен танысуға деген қызығушылықтарын ояту;

– жас жеткіншектерді ақпарат құралдарымен жұмыс істей білуге дағдыларын дамыту сияқты міндеттердің маңызы зор.

Қазір әлеуметтік ортада жаңа ақпараттық қоғам құру коммуникативтік үрдіске өзіндік ерекшеліктер мен өзгерістерін әкелді. Қазіргі уақытта тұлғаның ақпараттық мәдениеті мен ақпараттық қауіпсіздік мәселесі өзекті болып отыр. Ақпараттық мәдениеттің дамуы тұлғаның және мемлекеттің қауіпсіздігінің элементі ретінде жаңа заман технологиялардың ақпараттық кеңістікте пайда болуын ескере отырып, жүйелі түрде қарастыруды қажет етеді. Тәжірибеде ақпараттарды алу мен оны ұдайы іздеу ақпараттардың экстенсивті түрде көбеюіне әкелді, бұл тұлға мен мемлекет алдында әртүрлі мәселелерді туғызды. Бүгінгі жаңаша даму жолына түскен Қазақстан халқы мен экономикалық, әлеуметтік, саяси өмірінде демократиялық жаңарулар тереңдетіліп, қоғамды жалпы трансформациялау процестерінің қажетті шарттары тұрақтандырылуда. Жас мемлекетіміздің алдында қоғамдық дамудың бүгінгі кезеңде өркениеттің жетістіктерін материалдық және рухани игілік ретінде сақтау мәселесі туындап отыр. Мемлекеттік тәуелсіздік жаңа экономикалық саясатпен, құқықтық, әлеуметтік, демократиялық мемлекет құру міндеттері республика ақпарат кеңістігіне үлкен өзгерістерді қалыптастырды. Ол міндеттерді жүзеге асыру қоғамның өмірін дұрыс түсініп, қабылдап, шынайы суреттеу мүмкіндігінен соң жүзеге аспақ.

Ақпараттық пікір алмасулар демократиялық жаңа мүмкіндіктерге жол ашып, тұрақты саяси, әлеуметтік, демократиялық процестердің орнығуына әкеледі. Сөз бостандығы, баспасөз бостандығы, пікірлер плюрализмі тәуелсіз жеке меншік ақпарат құралдарының пайда болуы қазақстандық ақпарат кеңістігінде демократиялық үрдістердің нәтижелері.

Сондықтан да бүгінгі таңда өміріміздің барлық саласында деңдеп еніп келе жатқан

ақпараттық дәуір түрлі идеялар мен ілім, білім сан алуан өркениет пен құндылықтарды дұрыс саралап, адамдардың ой-санасын кеңейтуге қандай да бір өздеріне жақын идеялар төңірегінде тереңірек түсініп білуіне ықпал етеді. Қоғамның өркениеттілігі мен зайырлылығы мемлекеттің мәдениетке деген көзқарасымен өлшенеді. Бүгінгі дамыған өркениетті қоғамдағы білім мен ақпарат билігі қаражат пен мемлекеттік күштеуді екінші кезекке ысырып тастап, оны басқаруда шешуші ықпал ете алар саяси күшке айналып отыр.

Қазақстандағы экономикалық-әлеуметтік, мәдени дамуға ықпал ететін әртүрлі маңызды мәселелер ақпарат кеңістігінен терең ашық жариялананып, жариялық принциптері тұрғысынан кеңінен көрініс табуда. Бүгінде қоғамымыз нарықтық экономикалық, саяси, әлеуметтік күрделі өзгерістерге түсіп, жаңа жағдайға рухани-психологиялық бейімделу кезеңін бастан кешіруде. Екінші жағынан, мемлекет идеологиясы жаңа азаматтық қоғамның өркениетті құқықтық құрылымға ұлттық бірлік пен теңдік принциптері арқылы гүлдену идеясын қолға алып отыр.

Қоғамның ақпараттық құрылымы адамның шығармашылығының дамуы үшін көптеген білімдер мен құндылықтардың қалыптасуына жол ашты. Бірақ бұл мүмкіндіктерді ақпараттық қабілеттіліктер мен біліктілігі бар адамдар ғана пайдалана алады.

Қоғамдық-әлеуметтік құрылымда ақпараттық мәдениет азаматтардың өз құқықтары мен бостандықтарын білуіне, өз мұрат-мүдделерін қорғауына, күнделікті болып жатқан оқиғалар турасындағы ой-пікірлерін қалыптастыруда маңыздылығы артып отыр. Ақпараттық қоғамда тұлғаның ақпараттық мәдениетінің қалыптасуы оның ақпараттық қажеттіліктерін қанағаттандырып табысқа жетуде мол мүмкіндіктерін жүзеге асыруға және қоғам өміріне белсенді араласуын қамтамасыз етеді.

Әдебиеттер

- 1 Абдикерова Г.О. Социализация современной личности. – Алматы, 2005. – 284 с.
- 2 Абдирайымова Г.С. Ценностные ориентации современной молодежи (социологический анализ): монография. – Алматы, 2005. – 302 с.
- 3 Шамақайұлы Қ. Демократиялық қоғамдағы баспасөз және ақпарат құралдары: оқу құралы. – Астана, 2006. – 308 б.
- 4 Килимова Л.В. Роль информационных технологий в саморазвитии личности. – Курск, 2003. – 63 с.
- 5 Збаровская Н. Информационная культура личности: Проблемы формирования // Библиотечное дело. – 2005. – №1. – С. 7-8.

References

- 1 Abdikerova GO The socialization of the modern individual. – Almaty, 2005. – 284 p.
- 2 Abdirayymova GS Valuable orientations of modern youth (sociological analysis): monograph. – Almaty, 2005. – 302 p.
- 3 Shamakayuly K. Printing and information tools in a democratic society: a tutorial. – Astana, 2006. – 308 with.
- 4 Kilimova LV The role of information technology in the self-development of personality: Scientific publication. – Kursk 2003. – 63 s.
- 5 Zbarovskaya N. Personal Information Culture: Problems of formation // Librarianship. – 2005. – №1. – P. 7-8.